

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ 02.09.2024жыл №2 кезектен тыс кіші педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар-101 (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: С.К.Тойшыманов

Хатшы: Н.А.Сейтжапарова

Күн тәртібінде:

1. «Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы туралы.
/ С.К.Тойшыманов /

ТЫҢДАЛДЫ:

С.К.Тойшыманов - мектеп директоры, комиссия төрағасы

Мектеп директоры 2024 жылдың 02 қыркүйекте кезектен тыс өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Педагогикалық ұжым алдына қойылған міндеттердің бірі мектептің өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу болатын. Мектеп бойынша құрылған комиссия мүшелері 2024 жылдың 02 мамыр - 29 тамыз аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары " басшылыққа алынды.

Тағайындалған комиссия мүшелері мектеп-лицейдің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарының сәйкестігіне зерделеу жүргізді.

Қорытынды анықтама ұжым алдында толықтай таныстыру үшін мектеп директорының әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Л.Ә.Нұрмановаға сөз берілді.

СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. **Л.Т.Молдажарова** - директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі:

Мектептегі өзін-өзі бағалау жұмысы кезінде 1-11 сыныптарындағы жұмысты зерделеп бағалау ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.06.2023 № 183 енгізілген өзгерістермен) Білім беру ұйымдарын бағалау

өлшемшарттарының 2 параграфтарының өлшемшарттары бойынша нақты бағыттары негізінде жүргізілді:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін зерделеу бағыттары:

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуын зерделенді
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптарын сәйкестігі талданды
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары зерделеніп талданды
4. Білім алушылар дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары зерделеніп қорытыланды
5. Бағалау өлшемшарттарына берілген 7-13, 13,1-қосымшалар бойынша педагогтардың бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы талданып қорытыланды.

Аталған қағиданың 2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2021-2024 оқу жылындағы мектептің оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде әзірленген жоспардағы жұмыстардың қорытындысымен таныстырды.

Г.Т.Умарова – директордың бастауыш кластар бойынша оқу жұмысы жөніндегі орынбасары:

Мектептегі өзін-өзі бағалау жұмысы кезінде мектеп алды даярлық топтарының жұмысты зерделеніп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту түгел тексерілгенін және барлық кестелері толтырылғанын айтты.

З.Т.Жаркенова - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған. 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4 қосымшалары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру аясында кешенді жоспары жасақталған.

Л.Ә.Нұрманова - директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарының талаптарына сәйкес білім беретін оқу бағдарламалырын меңгеру бойынша талдау жасады. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасы жасақталған. Оқу кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңесте шешім етті:

ШЕШІМ:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытынды анықтамасы 72-itschool.edu.kz сайтына орналастырылсын.

Пед. кеңес төрағасы:

Хатшысы:



С.К.Тойшыманов

Н.А.Сейтжапарова